БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№39(9357) | 1954 жылғы 20 февраль Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын

ИНФОРМАЦИАЛЫҚ ХАБАР

1954 жылғы 19 февральда Қазақстан Компартиясының VII съезі сайлаған Казақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші Пленумы болды.

Пленум Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары етіп **П. К. Пономаренко** жолдасты, Казақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары етіп **Л. И. Брежнев** жолдасты, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретарьлары етіп **Ф. Кәрібжанов, М. Ә. Сужиков, И. Т. Тәжиев** жолдастарды сайлады.

Пленум мына жолдастардың құрамында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросын сайлады: **П. К. Пономаренко, Л. И. Брежнев, Е. Б. Тайбеков, Н. Д. Сидасынов, Ф. Кәрібжанов, М. Ә. Сужиков, И. Т. Тәжиев, В. В. Губин.**

* * *

Осы жылғы 19 февральда Қазақстан Компартиясының VII съезі сайлаған Казақстан Коммунистік партиясының тексеру комиссиясының мәжілісі болды.

Қазақстан Компартиясы тексеру комиссиясының председателі болып **З. А. Буньков** жолдас сайланды.

Сайлау участогіндегі саяси-бұқаралық жұмыс

1954 жылы 14 мартта совет халқы елімізде мемлекеттік өкмет билігінің жоғарғы органы —СССР Жоғарғы Советіне депутаттар сайлайды. Бұл даңқты бүкілхалықтық мерекені еліміз өзінің экономикасы мен мәдениеті өркендеген жағдайда, халық шаруашылығының барлық өндірісін үздіксіз өркендету, совет халқының материалдық- мәдени қажетін толық қанағаттандыру, бейбітшілік пен барлық халықтар арасындағы достықты нығайту үшін күрестің кең өріс алған жағдайында қарсы алғалы отыр.

Еліміздің еңбекшілері, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары және еңбекшілер қоғамдары өздерінің сайлау алдындағы жыйналыстарында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына бірінші кандидат етіп Коммунистік партия мен Совет Үкметі басшыларының есімдерін атады. Сонымен қатар, совет адамдары ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттыққа еліміздің қарапайым адамдарын ұсынды. Ұсынылғандардың ішінде жұмысшылар мен шаруалардың, ғылым мен мәдениет және искусство қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының, дәрігерлердің өкілдері көптеп саналады. Мұның өзі советтік сайлау системасының шын мәніндегі халықтық, демократиялық система екенін сыпаттайды.

Коммунистік партия бұрынғы сайлау

Ал, қалада сайлаушылардың тұратын жерлеріне қарай ұйымдастырған саяси үгіттің жайы мүлдем төзгісіз. Көп жерлерде үгітшілер сайлаушылардың үйінде небары бір-ақ рет болып, олардың тізімін алумен ғана тынып отыр. Облыстық финанс бөлімі, қалалық Совет атқомі партия ұйымдары үгітшілерінің бірқатары өздеріне бекітілін берілген сайлаушылардың үйінде осы күнге дейін бірде-бір рет әңгіме өткізген емес. Мұндай жағдайға қалалық партия комитетінің төзуіне танымыз бар.

Осы сықты ауылдық-селолық жерлерде де сайлау алдындағы саяси үгітті ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол берілін келеді. Бірқатар аудандарда колхоз, совхоз орталықтарынан алыстағы егіс бригадалары мен мал фермаларындағы және басқа жеке жұмыс участоктерінде сайлаушылар саяси үгіттен тыс қалып отыр. Совет ауданы, «Красный полтавец» колхозының жерінде Көкшетау облысы колхоздарының жылқысы бағылады. Мұндағы жылқышылар селоға келе алмайды. Алайда, «Красный полтавец» колхозының партия ұйымы ол жылқышыларды қамқорлыққа алып, онда үгітшілер жіберуді, дауыстап газет оқуды, әңгімелер өткізуді естен шығарған.

Ленин ауданындағы «Бұлақ», Октябрь ауданындағы Ленин атындағы колхоздар-

Қазақстан КП VII съезі

1954 жылғы 17 февральдағы мәжілістің күнделігі

17 февральда, VII съезде Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасы бойынша және тексеру комиссиясының есепті баяндамасы бойынша жарыссөз онан әрі жүргізілді.

Мінбеде —Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары **Н. К. Кузембаев** жолдас. Ол Оңтүстік Қазақстанның колхоздарының қоғамдық шаруашылығының, колхозшыларының материалдық ал-ауқат жайының мықтап өсуі туралы айтты. Облыстың 150-ден аса артельдері миллион сомдық кірістер табуда. Колхоздардағы кейбір семьялар еңбеккүндеріне 100 мың сомнан артық ақша алуда. Облыста түсті металлургия және көмір өнеркәсібінің өсуі байқалады. Шымкент тоқыма комбинатының өнімі барған сайын көбейіп, жақсара түсуде.

Шешен облыс партия ұйымының жұмысындағы ірі кемшіліктерді атап көрсетті. Облыс колхоздары мен совхоздары бірнеше жыл бойына мемлекетке мақта тапсыру жоспарын орындамады. Ал, шынында Оңтүстік Қазақстанда мақта шаруашылығын өркендетуге ұшан-теңіз мүмкіншіліктер бар.

Кузембаев жолдас өзінің сөзінің едәуір бөлегін мал шаруашылығын өркендету, қолдан суландыру негізінде мал үшін берік жемшөп базасын жасау мәселелеріне арнады.

Мінбеде —Көкшетау облысы, Молотов атындағы МТС-тің директоры **И. С. Батурин** жолдас. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан кейін, —деді ол,— механизаторлар мен колхозшылардың ынтымағы нығайды. МТС коллективі артельдердің мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін процестердің механикаландырылуына, малды азықтандыруды жақсартуына көмектесті. МТС-тер ауылдың шаруашылығының мамандары колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуын жолға қоюға көмектесті. Колхоз өндірісіне станцияның 200-ден аса жұмысшылары қатысуда.

Батурин жолдас таяудағы мерзімде істелетін жұмыстардың жоспарын ортаға салып, үстіміздегі жылы механизаторлардың 16 мың гектар алаңда тың жерлер жыртатындығын хабарлады. Жаңа жерлерден 150 путтан бидай алуға барлық мүмкіншіліктің бар екенін айтты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті **Д. А. Қонаев** жолдас өзінің сөзін ғылми мекемелердің СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларына сәйкес жүргізіп жатқан жұмыстарына арнады. Қазақстан ғалымдарының барлық күші ауыл шаруашылығының мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту, жердің құнарлылығын арттыру, малдың жаңа тұқымдарын өсіру сықты аса маңызды мәселелерін шешуге бағытталған. Гидрогеологтер Қазақстанның шөл және жартылай шөлейттерінде жер астындағы және артезиан суларының мол қорын тапты. Бұл қорларды ауыл шаруашылығында пайдалану керек. Шешен республикалық

комбинаты және суперфосфат заводына шұғыл көмек жасалуға тиіс.

Онан әрі шешен облыс колхоздарында қант қызылшасы өнімінің төмен болу себептерін, қант қызылшасын күтуде еңбекті көп керек ететін жұмыстардың жеткілікті механикаландырылмағандығы туралы айтты.

Бұдан кейін Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары **М. Ә. Сужиков** жолдас сөз сөйледі.

Ол республиканың шаруашылық, мәдениет құрылыста елеулі артта қалушылығын сыйпаттайтын бірқатар мысалдар келтірді. Бұған, ең алдымен Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы, Орталық Комитеттің секретарьлары кінәлі. Өйткені, олар Қазақстанның орасан зор мүмкіншіліктерін мейлінше толық пайдалануға қажетті шараларды қолданбады.

Сужиков жолдас Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының кадрларды іріктеу және орналастырудағы ірі қателіктері туралы, басшылықтың кеңсешілік-бюрократтық әдістері туралы айтты. Аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің және Қазақстан КП Орталық Комитетінің жұмысындағы елеулі кемшілік сол, —деді шешен, —бұқара арасындағы, әсресе, селодағы саяси жұмыстың дәрежесінің төмен болуы. Көптеген колхоздарда, МТС және совхоздарда насихат және үгіт жұмыстары жүргізілмейді немесе нақтылы міндеттермен байланыстырылмайды. Село еңбекшілері арасындағы саяси жұмысты жандандыруда аудандық партия комитетінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары басқарған село аудандық партия комитеттерінің нұсқаушылар топтары шешуші роль атқаруға тиіс. Бұл топтарды нығайту —бірінші кезектегі міндеттердің бірі.

Съезд мандат комиссиясының баяндамасын тыңдады. Мандат комиссиясының председателі **А. С. Федулин** жолдас облыстық партия конференцияларында Қазақстан КП VII съезіне делегаттар сайлау СОКП Орталық Комитетінің нұсқауына толық сәйкес өткізілгендігін хабарлады.

Қазақстан КП VII съезіне барлығы шешуші дауыспен 857 делегат және кеңесші дауыспен 68 делегат сайланған. Республиканың партия ұйымдары Қазақстан КП VII съезіне өздерінің таңдаулы өкілдерін сайлаған. Съезд делегаттарының ішінде Совет Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңашылдары, ғылымның, әдебиет пен искусствоның қайраткерлері бар.

Съезд делегаттары мандат комиссиясының баяндамасын бірауыздан бекітті.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалы Президиумының председателі **А. Д. Дауылбаев** жолдас СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларына сәйкес 1954 жылы жүргізілетін ғылми- зерттеу жұмыстары-

озаттардың тәжрибесін үйренуді жақсарту, ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын өндіріске батыл және кеңінен енгізу қажет.

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары **М. С. Нұрымбаева** жолдас әйелдерді ауыл шаруашылығы жұмыстарына кең қатыстыру мәселесіне тоқталды. Соғыс кезінде, деп атап көрсетті шешен, Қазақстанда 14 мыңға жуық әйел трактор жүргізді, 5 мыңға жуық әйел трактор бригадаларын басқарды. Кәзір біздің бұл кадрларымыз жоқ. Тракторшы және комбайншы мамандығы бар әйелдердің МТС-терге оралуы үшін шаралар қолдану қажет. Қыздарды ауыл шаруашылығын механикаландыру мектептері мен училищелеріне көптеп қабылдау керек.

Съездің көптеген делегаттары, деп мәлімдеді **И. И. Афонов** жолдас, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросын, оның секретарьларын қатты сынады. Бұл дұрыс. Мәселен, Шаяхметов жолдас ұзақ уақыттан бері Орталық Комитеттің бірінші секретары болып істеді, кемшіліктерге оның бойы үйренді, төменнен көтерілген ескертулерге ол құлақ аспайтын болды. Мұндай кемшіліктер бюроның басқа мүшелеріне, атап айтқанда, екінші секретарь ретінде маған да тән болды. Қазақстан КП Орталық Комитеті IX пленумының, деді Афонов жолдас, Орталық Комитетінің секретарьлығынан Шаяхметов жолдасты және мені босатып, бұл орындарға көркекті партия қайраткерлері Пономаренко және Брежнев жолдастарды сайлауын мен өте дұрыс қарар деп есептеймін.

Түркстан -Сибирь магистралының жұмысы туралы жолдың бастығы **В. С. Кулак** жолдас айтты. Теміржолшылар СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыруға белсене қатысуда. Жолда жұмыс істейтін ауыл шаруашылығының өндаған мамандары селоға жіберілді. Түрксибтің кәсіпорындары мен басқармасы бірқатар колхоздарға көмек көрсетті. Жолдың жұмысындағы кемшіліктер туралы айта келіп, шешен бірқатар республикалық ұйымдардың жұмысын сынады.

Қазақ ССР Оқу министрі **Ә. И. Сембаев** жолдас өзінің сөзінің көпшілігін политехникалық оқу мәселелеріне арнады. Политехникалық оқу, әсресе, селолық жерлерде, оқушыларды колхоздар мен совхоздарда, МТС-тер мен ММПС-терде жемісті жұмыс істеуге даярлайды, оларды ауылшаруашылық еңбегіне сүйіспеншілік және құрметтеушілік рухында тәрбиелейді. Бұл аса маңызды шараны жүзеге асыруда мектеп жанындағы участоктердің зор роль атқаратындығын тәжрибе көрсетіп отыр. Алайда, осы уақытқа дейін 1300 жетіжылдық және орта мектептерде мұндай участоктер жоқ.

Гурьев облысы, Бақсай аудандық атқомінің председателі **Ғ. Айтмағамбетова** жолдас аудан еңбекшілерінің СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолындағы күресі туралы айтты.

Алматы қалалық Советі атқомінің председателі **И. Шәріпов** жолдас республика астанасындағы күрделі құрылыстың жайы туралы айтты. Бесінші бесжылдықтың үш жылында бұл мақсаттарға 400 миллион сомнан аса қаржы жұмсалды. Жаңа мектептер, емдеу мекемелері, жалпы алаңы 100 мың шаршы метрден асатын тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Сонымен қатар, шешен Алматыдағы күрделі құрылыс қарқынының әлі де болса қаланың халық шаруашылығының өсуінен көп артта қалып отырғанын мойындады.

—Съезде, —деп мәлімдеді Қазақстан КП Орталық Комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі **М. Бейсенова** жолдас, —әйелдер есебінен механизатор кадрларын даярлауды кеңейту туралы мәселе көтерілді. Кәзіргі уақытта республикада небары екіжарым мыңға жуық әйел тракторшылар, комбайншылар, шоферлар, механиктер, МТС директорлары, трактор бригадаларының бригадирлері бар. Мұның өзі Қазақстанның партия, совет және ауылшаруашылық органдарының әйел механизатор кадрларын даярлаудың маңыздылығын жете бағалмайтындығын дәлелдейді.

Шешен колхоз өндірісінде жұмыс істейтін әйелдер үшін мәдени- тұрмыс жағдайын тұғызудың, әйелдерді саяси тәрбиелеудің маңыздылығы туралы айтты. Бұл мәселелерге партия комитеттері үнемі көңіл бөліп отыруға міндетті.

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары **Г. А. Мельник** жолдас Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі қарарларды қабылдан, бірақ, оларды ұйымдастыру жұмысымен тыянақтамағанын атап көрсетті. Орталық Комитеттің бюросы және оның секретарьлары Шаяхметов, Афонов, Сужиков және Министрлер Советінің басшылары ауыл шаруашылығының өркендеуін тежейтін көптеген фактілерге тиісті саяси баға берген жоқ, көбінесе оқыйғалардың соңында болды, ауылшаруашылық өнімдері өндірісін ұлғайту жолында табиғи ресурстарды пайдалануға шек қоюшылар дәрежесінде қалып келді. Қазақстанның ауыл шаруашылығына, партия ұйымының бүкіл өміріне басшылық етудегі ірі кемшіліктердің бірі сол— Орталық Комитеттің бюросының және оның секретарьларының бастауыш партия ұйымдарымен, колхоз өндірісінің озат адамдарымен байланысының нашар болғандығында.

Осымен съездің 17 февральдағы мәжілісі аяқталды.

(ҚазТАГ).

К. Р. ОСПАНОВ жолдастың сөзі

науандарындағыдай алдағы сайлауда да партияда жоқтармен блог жасап, сайлау урналарына олармен қоян-қолтық келеді. «1954 жылдың 14 март күні Совет Одағы еңбекшілерінің бүкіпалықтық мейрамына айналатын болсын, партияның, үкметтің және халықтың тығыз бірігуінің жаңа бір қуатты демонстрациясы болсын» деп шақырды партиямыздың Орталық Комитеті, өзінің Үндеуінде, барлық сайлаушыларды.

Бүкіл еліміздің, сондай- ақ, облысымыздың еңбекшілері партиямыздың Үндеуіне қызу үн қосты. Совет адамдары коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттар үшін бірауыздан дауыс беретіндіктерін білдіруде.

Кәзір, сайлау науканының шешуші кезеңінде, саяси үгітті бұрынғыдан да кең өрістетіп, оның дәрежесін арттыра берудің маңызы зор. Бұл міндетті жете түсінген партия ұйымдары сайлау алдындағы саяси үгітті, әсресе, кандидаттарды жақтаған үгітті күннен- күнге өрістете түсуде. Мәселен, Мамлют асыл тұқымды мал совхозы, Полудень ауданындағы «Путь Ильича», Киров атындағы ауылшаруашылық артельдері, қаладағы ет-консерві комбинаты мен педагогикалық училище партия ұйымдары үгіт коллективтерінің жұмысына үнемі басшылық жасап, егіс бригадалары мен мал фермаларын, цехтарды, үгіт пункттерін және оңуйліктерді сайлау алдындағы саяси үгітін орталығына айналдырып отыр. Бұларда көптеген үгітшілер сайлаушылармен СОКП Орталық Комитетінің Үндеуі туралы, депутаттыққа ұсынылған кандидаттар жөнінде әңгімелер өткізіп, жұмысшылар мен шаруаларды қажырлы еңбекке жұмылдыруда. Үгіт пункттерінде де сайлаушылар үшін лекциялар мен баяндамалар, кинокартиналар мен концерттер жиі ұйымдастырылады.

Дегенмен, сайлау алдындағы саяси үгітті ұйымдастыруда ие болған кейбір табыстарға масаттану, сөйтіп, бұл маңызды жұмыста кездесіп отырған елеулі кемшіліктерді көрмеу үлкен қате болар еді. Атап айту қажет, сайлау күнінің жақын қалғанына қарамастан, кейбір партия ұйымдары сайлаушылар арасындағы саяси үгітке немкетті қарап отыр. Төмендегі тәзгісіз фактілер, міне, осыны айтады. Қалада бірсыпыра үгіт пункттері формальді ұйымдастырылған. Мысалы, № 9 сайлау участогінің үгіт пункті қалалық сауда мекемесі үйінің бір кішкене ғана бөлмесіне орналасқан. Оған кешкі уақытта барсаңыз көбінесе кезекші үгітшіден басқа ешкімді көре алмайсыз. Мұнда жас сайлаушылар мен қарт сайлаушылардың кешін өткізу, лекция оқу, концерт қою сияқты жұмыстар ұмыт қалып келеді. № 11 сайлау участогінің үгіт пункті жөнінде де осыны айтуға болады.

дың алыстағы мал фермаларында үгітшілер сирек болады. Міне, сондықтан да аталған шаруашылықтардың мал фермаларындағы колхозшылар СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуін кезінде естіп, біле алмаған. Ол-олма, тіпті бірқатар жерлерде сайлау участоктері жанындағы үгіт пункттерінде айтарлықтай жұмыс жүргізілмейді. Полудень ауданы, Рябкино селосындағы үгіт пунктінің отынмен қамтамасыз етілмей, көбіне жабық тұруына қалай төзуге болады?

Сайлауға санаулы ғана күндер қалды. Бұл сайлау алдындағы саяси- бұқаралық жұмысты ұйымдастыруда кертартпалықты көтермейді деген сөз. Сайлау участогін үгіт-бұқаралық жұмыстың орталығына айналдыратын уақыт жетті.

Бұл күндері үгіт пункттері сайлаушылардың еліміздегі барлық жаңалықтарды білетін орнына айналуға тиіс. Кәзір үгіт пункттерінде сайлаушылар үшін советтік сайлау системасы, совет халқының мызғымас достығы, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясаты жөнінде лекциялар мен баяндамаларды, кинокартиналар мен көркемөнерпаздардың концерттерін, қарт сайлаушылар мен жас сайлаушылардың кездесуін жиі ұйымдастырып отыру қажет.

Сайлау алдындағы саяси жұмыс, әсресе, онуйліктерде, егіс бригадалары мен мал фермаларында, қарт сайлаушылар мен үй шаруасындағы әйелдер арасында жан-жақты ұйымдастырылуға тиіс. Кәзір сайлаушылардың үйінде жиі болып, оларға СОКП Орталық Комитетінің Үндеуін, депутаттыққа кандидаттардың өмірбаяндарын терең түсіндіру, сөйтіп, сайлаушылардың Коммунистік партия мен Совет Үкметіне деген шексіз сүйіспеншіліктерін арттыра беру—үгітшілердің абройлы борышы.

Сайлау алдындағы саяси үгітке басшы, партия, совет қызметкерлері белсене қатысуға міндетті. Олар сайлау участоктерінде, цехтарда, егіс бригадалары мен мал фермаларында, еңбекшілер алдында саяси баяндамалар жасауға тиіс.

Партия ұйымдарының сайлау науканына арналған көрнекі үгітті ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударулары қажет. Үгіт пункттері мен жұмыс орындары және басқа да көпшілік орындары Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатын жақтайтын, еңбекшілерді қажырлы еңбекке шақыратын, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарын жақтайтын ұрандармен, плакаттармен және басқа да көрнекі үгітпен жабдықталатын болуы керек.

Сайлау участогіндегі саяси-бұқаралық жұмысты жан-жақты ұйымдастырып, сайлаушылардың саяси және өндірістік белсенділіктерін барған сайын арттыра беру — партия ұйымдарының маңызды міндеті.

Шопандардың қажырлы еңбегі

Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының шопандары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін өндірістік зор табыстармен қарсы алу үшін төл алу, мал қыстату маусымдарын ұйымдасқан түрде өткізуде. Олар қойларды зоотехникалық- малдәрігерлік ережелерге сай бағып, күту арқылы қондылығын төмендетпей аман өсірін келеді.

Шопандар төл алуды быйыл алғашқы рет январь, февраль айларында өткізіп отыр. Мұның өзі игі нәтижесін беруде. Алынған қозылар күйлі және сұыққа төзімді болып өсуде.

Қ. АҚМАДИЕВ.

қуатты бұрғылау техникасымен жабдықталған бірнеше арнаулы трестер құруды қажет деп есептейді. Сол сияқты, су шаруашылығы шараларын ойдағыдай жүзеге асыру үшін ірі су шаруашылығы және мелиорация ғылми зерттеу институтын құру керек.

Конаев жолдас бір кезде жіберілген бұржуазиялық- ұлтшылдық қателіктерді түзету жөнінде істеген жұмыстары туралы айтты. Тарихшылар, тіл мамандары, әдебиетшілер бірқатар ірі еңбектер, оның ішінде «Кәзіргі қазақ тілінің курсы», 50 мың сөзі бар орыс-қазақ үлкен сөздігін, «Қазақ совет әдебиеті тарихының негізі кезеңдері» монографиясын әзірледі. Мартта «Қазақ ССР тарихының» бірінші томы баспаға беріледі.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары **Т. А. Әбдіразақов** жолдас комсомолцтер мен жастардың ауыл шаруашылығын өркендету күресіне қатысуы туралы айтты. Петропавлдың паровоз депосының жас жұмысшылары механизация училищелері мен тракторшылар курстарына 500 адам жіберуге ұйғарып бағалы бастама жасады. Олардың бастамасы республиканың басқа облыстарында да қызу қолдау тапты. Алайда, көптеген комсомол ұйымдары әлі де болса СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыруға нашар қатысады.

—Біздің жұмысымыздағы негізгі кемшіліктердің бірі—сол біз перспективалық мәселелермен шындап шұғылданбадық, — деді Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрі **Ф. Керібжанов** жолдас. — Егіс алаңдарын ұлғайтудың белгіленген жоспарлары мейлінше төмен болды және қолда бар мүмкіншіліктерге ешбір жауап бермейді. Шешен ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойылып отырған міндеттер туралы айтып, егін және мал шаруашылығын онан әрі өркендету мәселесін шешуге тиісті машина-трактор станцияларының роліне тоқталды.

«Қарағандыуголь» комбинатының басшысы **П. П. Иноземцов** жолдасқа сөз берілді. Қарағанды шахтерларының еңбектегі табыстары туралы хабарлап, шешен көмір өнеркәсібіндегі кемшіліктерді атап көрсетті. Комбинаттың бірқатар шахталары мемлекеттік жоспарларды орындамай, шығынға жол береді, жобаланған қуатты меңгермейді.

Иноземцов жолдас жаңа қуаттарды қатарға қосуға тиісті құрылыс ұйымдарын нығайту қажеттігі туралы айтты, отын тасудың жоспарларын орындай алмайтыны үшін Қарағанды темір жолының басшыларын сынады, республиканың Сауда министрлігінің атына сын пікірлер айтты.

Жамбыл облыстық партия комитетінің секретары **Ш. Артығалиев** жолдас Қаратау кен химия комбинаты және суперфосфат заводы сияқты колхоздар мен совхоздардың егіс далаларына тыңайтқыштар беретін ірі өнеркәсіп орындарымен шұғылданбағаны үшін Қазақстан КП Орталық Комитетін, республиканың Министрлер Советін және Химия өнеркәсібінің одақтық министрлігін сынады. Бұл кәсіпорындарындағы жұмыстың жайын Қазақстан КП Орталық Комитетінің өнеркәсін бөлімі де білмейді. Ал, шынында, ауыл шаруашылығы үшін минералдық тыңайтқыштар шығаратын кен-химия

ның жоспарлары туралы айтты. Бұл шаралардың ең бастысы —ауыл шаруашылығы өндірісіне ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын енгізу. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясы Қазақ филиалының қызметкерлері тың және тыңайған жерлерді меңгеру жөнінде село еңбекшілеріне көмек көрсетудің шараларын жасауда.

Қарағанды облысы, Ворошилов ауданы, «Возрождение» колхозының председателі **А. В. Гуденко** жолдас колхозшылардың егін және мал шаруашылықтарындағы табыстары туралы айтып, өз жұмысын баяу қайта құратыны, машина-трактор станцияларының жұмысына сылбыр басшылық жасайтыны үшін Қарағанды облыстық ауылшаруашылық басқармасын сынады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Д. Керімбаев** жолдас Коммунистік партия мен Совет Үкметінің Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендету жөнінде көрсетіп отырған орасан зор көмегі туралы айтты. Тек өткен жылдың өзінде республиканың халық шаруашылығын өркендетуге бюджет бойынша 7 миллиард сомнан аса қаржы бөлінді. Алайда, Қазақстанның халық шаруашылығының бірқатар аса маңызды салалары, әсресе, ауыл шаруашылығы бетімен жіберілген жағдайда болып отыр. Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың партия ұйымын СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын тез жүзеге асыруға жұмылдыра алмады.

Гурьев облыстық партия комитетінің секретары **С. П. Полымбетов** жолдас Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігінің атына сын пікірлер айтты. Бұл министрлік және оның бірінші басшысы Керібжанов жолдас басшылық етудің қағаз бастылық- бюрократтық әдісінен әлі арылған жоқ. Мәселен, январь айында Гурьев облыстық ауылшаруашылық басқармасына МТС-тердің директорларымен және бас инженерлермен толықтырылуы туралы телеграф арқылы апта сайын есеп беріп отыруды талап еткен, министр қол қойған хат келді. Шынында бұл мамандарды министрліктің өзі бекітеді. Сол сияқты, облыстық ауылшаруашылық басқармасына министрліктің облыстарға жіберген мамандарының саны туралы хабарлап отыру ұсынылған. Бұл жөнінде министрліктің өзі білмеген де, кім білуге тиіс?

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі республиканың халық шаруашылығын өркендетудің перспективалық мәселелерімен мейлінше қанағаттанғысыз шұғылданыы келді. Алдын-ала шығарылған есептерге қарағанда, Каспи ойпатын меңгеру арқылы Гурьев облысында мал басын шұғыл көбейтуге болатындығын көреміз. Бірақ, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі облыс ұйымдарының бірнеше рет ұсыныс жасауына қарамастан бұл мәселемен шындап шұғылданған жоқ.

Қазақ ССР Совхоздар министрі **М. Д. Власенко** жолдасқа сөз берілді. Қазақстанның барлық совхоздарының, деді ол, таяудағы екі жылдың ішінде ауылшаруашылық өнімдері өндірісін еліміздің озат шаруашылықтарының дәрежесіне жеткізуіне толық мүмкіншілігі бар. Бұл үшін

Солтүстік Қазақстан облыстық аткомінің председателі

Жолдастар! СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының белгілеген шараларын жүзеге асыра отырып, Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының еңбекшілері өткен ауылшаруашылық жылын 1952 жылмен салыстырғанда едәуір жақсы көрсеткіштермен аяқтады. Колхоздармен колхозшылардың ақшадай және заттай табысы едәуір жақсарды. Өткен жылы колхоздардың ақшадай кірісі 60 процеңттей артты. Колхоздар тек етті, сүтті өткізу және жаңа бағалалар бойынша сату есебінен 7 миллион сомнан аса қосымша табыс, ал, астық сатудан —15 миллион сом, колхозшылар 9 миллион сом табыс тапты. Партия мен үкмет қабылдаған шаралардың арқасында бізде ауылшаруашылығы өнімдері өндірісін барған сайын ұлғайту үшін қажетті жағдайлардың бәрі де жасалған.

Біздің облысымызда МТС-тер мен колхоздарды маман кадрлармен нығайту жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумынан кейін тікелей МТС-тер мен колхоздарға орта және жоғары дәрежелі білімі бар 322 маман, 275 механизатор жіберілді. Бізде жаңа жерлердің меңгерілуіне байланысты техниканың толықтырылуын есепке алғанда облысты тракторшылар кадрымен толық қамтамасыз етуге барлық мүмкіншіліктер бар. Соңғы жарты жылдың ішінде облыста жоғары дәрежелі білімі бар МТС директорларының, бас агрономдардың саны біржарым есе, бас инженерлер —3 есе дерлік көбейді. Енді жұмыс колхоздар мен совхоздардың табиғи және экономикалық мүмкіншіліктерін істі біле пайдалануда, ауыл шаруашылығына жіберілген мамандардың жұмысын дұрыс ұйымдастыруда болып отыр. Бұл негізінен басшылық ету дәрежесіне байланысты болады.

Ал, шынында біздің шаруашылыққа басшылық етуіміздің дәрежесі төмен. Мұны соңғы үш жыл бойына Солтүстік Қазақстан облысының колхоздарында астықтың жалпы өнімінің төмен болып келе жатқандығынан айқын көруге болады.

Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары, совхоздары, МТС-тері, партия және совет ұйымдары ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін ішкі мүмкіншіліктерді жұмылдыру жөнінде қажетті шаралар белгіледі. 1954 жылы себілетін әрбір гектар алаңнан кемінде 14 центнерден дәнді дақыл алуға бізде барлық жағдай бар. Мұның өзі егіннің жалпы өнімін арттыруға мүмкіншілік береді. Сонымен қатар, 1954 —1955 жылдары 700 мың гектар мөлшерінде тың және тыңайған жерлерді меңгеру есебінен облыс колхоздары кәзіргі уақытпен салыстырғанда егіннің жалпы өнімін 1,5—2 есе арттыруға мүмкіншілік алады.

Жолдастар, Қазақстан КП Орталық Комитетінің IX пленумы Қазақстан партия ұйымының СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын орындауы туралы мәселе қарап, Орталық Комитеттің бюросының, оның секретары Шаяхметов жолдастың және республиканың Министрлер Советінің, оның председателі Тайбеков жолдастың жұмысындағы мемлекеттік тәртіпті босаңсыту, кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу ісінде, мәселені шешуде коллективтіктің партиялық принципін бұрмалау, республиканың ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің аса маңызды мәселелерін шешкенде перспективадан айырылу сияқты елеулі қателіктерді ашты. Алайда, Шаяхметов жолдастың баяндамасында қателіктерге терең талдау жасалмады, олардың себептері ашылмады. Жол берілген қателіктердің мазмұнын ашатын мысалдар мен фактілердің баяндамада болмауы Қазақстан КП Орталық Комитетінің бұрынғы басшыларының жергілікті жерлердегі істің жайы туралы қаншалықты нашар біле-тіндігін дәлелдейді.

Баяндамада ерекше маңызы бар басқа мәселелерге де жеткілікті көңіл бөлінбеген. Мен съездің назарын тың жерлерді көтеруге байланысты осы уақытқа дейін шешілмей келген астық шаруашылығы колхоздарындағы өндіріс процестерінің, ішкі шаруашылықты механикаландыру туралы мәселеге аударғым келеді. Біздің облысымызда көптеген колхоздар едәуір мөлшерде түрлі ауылшаруашылық өнімдерін тапсыратын ірі жоғары табысты шаруашылықтар болып отыр. Комплексті түрде ішкі шаруашылық механикаландырусыз бұл шаруашылықтардың жұмысына қыйын болатыны мәлім. Механикаландыру колхозшылардың еңбек өнімділігін едәуір арттырады. Егер егін шаруашылығының жер өңдеу, себу, жыйнау сияқты процестері біздің колхоздарымызда толық дерлік механикаландырылған болса, осы уақытқа дейін бірқатар ауылшаруашылық процестері ескі атам-заманғы әдістер бойынша жүргізіледі. Мұның өзі колхоз өндірісінің онан әрі өсуін тежейді.

Мысалға Октябрь ауданындағы «Зарл коммунизма» колхозын алайық. Оның дәнді дақылдар егісінің көлемі алты мың гектарға жуық. Өткен жылы астықтың жалпы өнімі 300 мың путтан артық болды. Алайда, осы астықты тазалау, өңдеу және түсіру колхозда қолмен атқарылды. Артельде оңға жуық ескі конструкциядағы, өнімділігі төмен веялкалар бар. Бұл жұмыстардың механикаландырылу дәрежесінің төмен болуы еңбекті өте көп жұмсауға, мемлекетке астық тапсыруды уақтқа созуға әкелін согады.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл маңызды мәселенің тез шешілуіне жетіспейді және озат колхоздардың тәжрибесінде кол жеткен табыстарды жыйнақтамайды. Колхоздарда астықты тазалауды механикаландыру, қойма шаруашылығын ұйымдастыру мәселелерін бүкіл республика көлемінде жаппай шешетін уақыт жетті.

Жолдастар! Республика партия ұйымының өз жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін қажетті барлық жағдайы бар. Біз СОКП Орталық Комитетінің қамқорлығын үнемі сезініп отырамыз. Қазақстан КП Орталық Комитетінің басшылығын нығайту жөніндегі елеулі шаралар мұның айқын сыйпаттамасы болып табылады.

Солтүстік Қазақстанның коммунистері мен барлық еңбекшілері біздің алдымызға қойылған міндетті шешуге—тың жерлерді ойдағыдай меңгеруге, астықтың жалпы өнімін 2 және 3 есе арттыруға, сөйтіп, біздің елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасауға көмектесуге өздерінің барлық күші мен білімін жұмсайды.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары

☆ ☆ ☆

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің Сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық сайлау округі

Жәлел Қизатұлы ҚИЗАТОВ



Жәлел Қизатұлы Қизатов 1920 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданындағы «Аяққөл» ауылында, кедей шаруаның семьясында туған.

Ол әкесінен жастай жетім қалып, 1934 жылға дейін шешесімен бірге тұрады, сөйтіп, Совет мемлекетінің әкелік қамқорлығы арқасында жетіжылдық мектепте оқыйды. Алтыншы класты бітіргеннен кейін Қизатов жолдас Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының есепшісі болып істейді. Ол өз колхозының белсенді- жігерлі комсомолцетерінің бірі болып, жастарды басқарады, олардың күш-қайратын артель шаруашылығын нығайту, колхозшылар арасында мәдениағарту жұмыстарын жақсарту жолына жұмылдырады.

Қизатов жолдас 1936 жылы Ленин ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі, ал, 1940 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылады.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Жәлел Қизатов өз Отанын қорғаушы ержүрек жауынгерлердің алдыңғы сапында болды. Қазақтың кедей шаруасының баласы, Ленин комсомолы тәрбиелеген Қизатов жолдас өзінің орыс туысқандарымен бірлесіп туған Отанын— Советтік Социалистік Республикалар Одағын фашист басқыншылардан қорғады.

Артиллерияшы -жауынгер ол Одессаны қорғаушы ардагер жауынгерлердің қатарында болды. Гвардия бөлімінің құрамында Сталинградты қаһармандықпен қорғау ұрыстарына қатысты.

1942 жылдың қатерлі күндерінде Қизатов жолдас майданда СОКП мүшелігіне қабылданды. Кіші командир Қизатов соғыстың екінші жылының аяқ шенінде батареяның басқару взводының командирі болды.

Командованиенің Днепрден өту жөніндегі тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны, мұнымен қатар ерлік және қаһармандық көрсеткені үшін ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Қизатов жолдасқа Совет Одағының Батыры атағын берді. Ол сонымен қатар, «Ерлігі үшін», «Одессаны қорғағаны үшін», Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарымен наградталды.

Бұдан кейінгі жылдарда Қизатов жолдас Ленинградтағы офицерлердің Жоғарғы мектебінің тыңдаушысы, ал, содан кейін бірінші Белорусс майданы бөлімдерінің бірінде батарея командирі болды. Сталинградтан Берлинге дейін —қазақ халқының ұлы, гвардия аға лейтенант Жәлел Қизатовтың жауынгерлік жолы осындай.

Совет Армиясы қатарынан оралғаннан кейін Қизатов жолдас Совет аудандық партия комитетінің секретары болып сайланды, ал, 1947 жылы еңбекшілер депутаттарының Ленин аудандық атқомінің председателі болып істеді.

1950 жылы Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері Қизатов жолдасты ССРО Жоғарғы Советінің (үшінші шақырылуы) депутаты етіп сайлады. Сайлаушылардың сенімін ол аброймен ақтады.

1950 жылы Қизатов жолдас Қазақстан КП Орталық Комитетінің жанындағы партия мектебіне оқуға жіберілді, оқуды аяқтағаннан кейін, 1952 жылдан бері еңбекшілер депутаттары Булаев аудандық Советі атқомінің председателі болып істейді.

Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық сайлау округінің еңбекшілері Жәлел Қизатұлы Қизатов жолдасты ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынды.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңында

Сайлаушылардың аманаты жүзеге асырылуда

Жергілікті Советтердің соңғы сайлауында Архангель селосының (Петропавл ауданы) еңбекшілері Еслөм Баукенов жолдасты аудандық Советтің депутаттығына

Участоктегі үгіт-бұқаралық жұмысымыз

№ 34 сайлау участогін Петропавл темір жол бөлімшесінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімі мен № 46 мектептің үгітбырға газетінде таңдаулы үгітшілердің жұмыс үлгілері жазылады, үгіт коллективінің жұмысындағы кемшіліктер сынға

Редакцияға хат

Жастар тілегі қолдау таппады

Шағлы астық совхозының жұмысшылар клубы Совет ауданындағы үлгілі мәдениет орталықтарының бірінен саналады. Клуб жанынан ұйымдастырылған хор, драма, би, музыка үйірмелерінің жұмысына совхоздың ондаған жас жұмысшылары қатысады.

Клуб коллективінің көпшілігі комсомолцетер мен жастар. Олар күн сайын дерлік совхоз жұмысшыларына концерттер көрсетіп, демалыс кештерін ұйымдастырып отырады. Өткен жылғы селолық өнерпаздардың аудандық байқауында бұл клубтың мүшелері бірінші орынға ие болған-ды.

Бірақ, совхоз дирекциясы клуб коллективінің ойдағыдай жұмыс істеуіне жағдай туғызбай отыр. Мәселен, клуб көркемөнерпаздар үйірмесі мүшелерінің аудандық олимпиадаға қатысқан күндеріне тәуліктік ақы төленбеген.

Клуб коллективінің совхоз бөлімшелерінде тұратын еңбекшілерге ойын көрсетеміз деген ағілікті талабы да совхоз дирекциясы тарапынан қолдау таба алмады. Совхоздың партия ұйымы клубтың, кітапхананың жұмыстарына ешқандай басшылық жасамай отыр. Ал, совхоз директорының міндетін атқарушы Пивоваров жолдас біздің міндетіміз тек шаруашылық қана деген тоғышарлық пікірдің шырмауына оралып, жұмысшылардың мәдени тілегін қанағаттандыруға ұмтылған совхоз жастарының ағілікті бастамасына маңыз бермей отыр.

Б. МҰХАМЕДЖАНОВ,
Еңбекшілер депутаттары Совет аудандық Советінің нұсқаушысы.

Аудандық мәдениет бөлімі көңіл бөлсе екен

Булаев поселкесінде жақсы жабдықталған клуб бар. Бірақ, клубтың меңгерушісі Белан жолдастың өз міндетіне жауапсыз қарауы салдарынан клуб ойдағыдай жұмыс істей алмай отыр. Мәселен, мұнда кинолар жоспарлы түрде көрсетіліп отырылмайды. Белан жолдас кей кезде афишада жазылған фильмнің көрсетілуін қамтамасыз ету орнына басқа фильмдерді ауыстырып көрсетуге жол береді. Көп реттерде кинофильмдер кезінде басталмай, кино көруге келушілердің билет алу үшін касса жанында 2—3 сағат кезек күтіп тұруына тура келеді.

Мәселен, жуырда «Күміс түсті тозаң» деген фильмді көрсеткенде бірінші сеанс бір сағатқа жуық кешігіп басталды.

—Біз тегі сеанстарды тағайындалған мерзімде көрсетіп үлгере алмаспыз, — деді бір кезде клуб меңгерушісі Белан

БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

Ф. Г. ВОЛКОВ

Орыстың ұлы артисі, Россияда бірінші профиссионал- театрдың негізін салушы Федор Григорьевич Волковтың туғанына 225 жыл толды.

Ф. Г. Волков 1729 жылы Кострома қаласында кедей купецтің семьясында туған. Ол жан-жақты білімді адзм болған. 1750 жылы өз төңірегіне орыстың талантты жастарын топтастырып, Ярославль қаласында орыстың тұңғыш театрын ашқан.

Ярославль театрының даңқы Россияның мәдениетті түкпірлерінің бәріне жеткен. Бұл театр кейіннен орыс театр искусствосының даңқын жоғары көтерген ондаған және жүздеген театрларды туғызды.

1756 жылы Волков Россияның астанасы Петербургте көшпілік театрын ұйымдастырады. Бұл театрдың директоры алғашында белгілі драматург Сумароков болды, кейіннен Волков тағайындалды.

Россия астанасында бірінші рет ұлттық театрдың ашылуы орыстың көркемөнер мәдениеті тарихында, сол сияқты, қоғамдық өмірінде зор белесті оқыйға болды.

Волковтың артистік қызметінің аса зор тарихи маңызы бар. Ол сарай төңірегіндегі реакцияшыл топтардың қарсылығына соққы бере отырып, орыс тарихында бірінші рет ұлттық театр ашып, оны «көңіл көтерудің құралы» емес, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерінің бірі дәрежесіне дейін көтерді. Ол театр сахнасына орыстың талантты адамдарының келуіне жол ашты. Ал, бұл адамдар кейіннен орыс театр мәдениетіндегі демократиялық дәстүрдің негізін қалағандар болды.

Волков тек қана театрды ұйымдастырушы және оның бірінші режиссері, артисі ғана емес еді. Ол жан-жақты білімді, өнерлі, дарынды адам болатын. Волков талантты ақын, архитектор, суретші, музыкашы адам болды. Орыстың белгілі драматургі, Волковтың замандасы Д. И. Фонвизин оны «терең ақылдың адамы» деп атаған еді.

Өз заманының алдыңғы қатарлы адамы болған Ф. Г. Волков Россияның сол кездегі қоғамдық өміріне де белсене араласты. Ол оппозициящыл дворяндар тобына қосылып, Россияның ұлттық мүддесіне опасыздық еткен III-Петрді тақтан құлатуға қатысты, басыбайлылыққа қарсы күресті. Театр сахнасына халық өнерінің элементтерін кіргізді.

Орыстың ұлы сыншысы В. Г. Белинский Волковты «орыс театрының атасы» деп бағалады.

Ұлы артист Волковты совет халқы зор мақтаныш сезіммен еске түсіреді.

ҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРТІНШІ ПЛЕНУМЫ

ПЕКИН, 18 февраль. (СОТА). Бүгін орталық газеттердің хабарлауы бойынша, 6—10 февральда Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің төртінші пленумы болған. Қазіргі уақытта демалыстағы Мао Цзэ-дун жолдас пленумге қатыспады.

Пленумда Орталық Комитеттің саяси бюросының тапсыруы бойынша Орталық Комитеттің секретары Лю Шао-ци баяндама жасады.

Сол сияқты, пленумда Чжу Дэ, Чжоу Энь-лай маңызды мәлімдемелер жасап, сөз сөйледі. Барлығы 44 адам сөйлеп, Егжей- тежжейіне дейін талқыланғаннан кейін пленум «Партияның бірлігін нығайту туралы қарарды» бірауыздан қабылдады, сол сияқты, Орталық Комитеттің үшінші пленумынан кейінгі мерзім ішінде Орталық Комитеттің саяси бюросының жұмысын бірауыздан мақұлдады және 1954 жылы Бүкілқытайлық партия конференциясын шақыру туралы қарар қабылдады.

ТӨРТ ДЕРЖАВА СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖАБЫҚ МӘЖІЛІСІ

онан әрі өркендету, еңбекшілердің мәдени тұрмыс дәрежесін арттыру жөнінде аманаттар тапсырған-ды. Жақында депутат Баукенов жолдас өзінің жұмысы жөнінде сайлаушылар алдында есеп берді.

Баукенов жолдас сайлаушылардың аманатын ойдағыдай жүзеге асыруда. Ол председатель болып істейтін «Луч Ленина» колхозының өткен жылғы табысы 1 миллион 300 мың сомға жетті. Баукенов жолдастың инициативасы бойынша селодағы орта мектеп үйі күрделі жөндеуден өтті. Жаңадан колхоз клубының үйі салынды. Бірқатар астық қырмандарындағы жұмыс механикаландырылды. Өткен жылы колхозшы шаруалар үшін 30-дан астам жаңа тұрғын үйлер салынды. Мұның бәрі біздің елімізде депутат халық қызметшісі екенін айқын дәлелдейді.

Сонымен қатар сайлаушылар СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына байланысты депутаттың алдында тұрған өскелең міндеттер туралы айтты. Олар үстіміздегі жылы колхоздың жылдық табысын 3 миллион сомға жеткізу, картоп пен овощь егісінің көлемін 2—3 есе арттыру жөнінде мәселе қойды. Комсомол ұйымының секретары Парамонова мал шаруашылығындағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру және селоны жалпай электрлендіру жөнінде депутатқа аманат тапсырды.

Баукенов жолдас сайлаушылардың сөзін зор зейін қоя тыңдап, олардың аманаттарын орындау жөнінде сенім білдірді.

Ж. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

САЙЛАУШЫЛАР НЕ ТУРАЛЫ АЙТТЫ

Жақында еңбекшілер депутаттары Октябрь аудандық Советінің депутаты М. И. Боцвин жолдас пен осы аудандағы Кенес ауылдық Советінің депутаттары М. Дуйсенов, Қ. Әниев жолдастар өз сайлаушыларының алдында есеп берді.

Депутаттар және сайлаушылар өздерінің сөздерінде СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында және партия мен үкметіміздің совет саудасын өркендету, халық тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайту жөніндегі қаулыларында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мәселесіне ерекше назар аударды.

«Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінің мүшелері Омаров, Баянтаев, Қаржасов және басқа жолдастар егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін арттыру үшін жергілікті мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай отырғанын айтты. Егіс бригадалары шымтезек-шірінді құмыраларды жасау, егістік алаңдарға тыңайтқыш заттарды тасу, қар тоқтату жұмыстарында елеулі кемшіліктер жіберіп отыр. Жергілікті Советтің депутаттары осы кемшіліктерді жоюға баса назар аударуға тиіс.

Қ. ШОҚАТОВ.

шілер қамтыды. Үгіт пунктінде сайлаушылар мен үгітшілер үшін барлық жағдайлар жасалды.

Участоктік сайлау комиссиясының председателімен, үгіт коллективінің жетекшісімен бірлесе отырып, үгіт пунктінің жоспарын және күнделікті кезекшілердің графигін жасадық. Үгітшілерді өңүйліктерге бөлдік. Кәзір участокте 60 үгітші өздеріне бекітіліп берілген өңүйліктерде үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізіп жүр.

Жуықта сайлау участогінде сайлаушылардың жиналысы болып өтті. Онда «Ұлы қытай халқының социализм орнатуда қолжеткен табыстары» деген тақырыпта саяси бөлімнің бастығы Кочемировский жолдас баяндама жасады. Жиналыс сайлаушылардың белсене қатысуымен өтті.

7 февраль күні үгіт пунктінде қалалық Советтің депутаттары Кудрящова және Вершета жолдастар сайлаушылар алдында есеп берді. Сайлаушылар өздерінің сөздерінде кейбір табыстармен бірге қалалық Советтің жұмысындағы кемшіліктерді де атап көрсетті. Жиналыстан кейін көркөнерпаздардың күшімен концерт берілді.

Қалалық Советтің кінәсінен сайлаушылардың тізімін жасаған уақытта біздің участок ұмыт қалдырылды. Сондықтан сайлаушылардың тізімін жасауға үгітшілердің көмегі қажет болды. Көп кешікпейақ сайлаушылардың тізімі жасалып, ол көрнекті жерге ілінін қойылды.

Участокте үгіт коллективінің органы —«Үгітші» атты қабырға газеті шығады. Газеттің редакторы Ушаков жолдас. Қалынады.

Біздің үгіт коллективінде өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, сайлаушылармен жиі кездесін туратын үгітшілер көптен саналады. № 46 мектептің мұғалімдері Дураничев, Воропаева, жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің қызметкерлері Кучук, Дорошенко, Киселева және Чернышкова жолдастар өздерінің өңүйліктерінде СОКП Орталық Комитетінің сайлаушыларға арналған Үндеуі жөнінде және депутаттыққа кандидаттардың өмірбаяны жөнінде әңгімелер өткізіп жүр.

Партия ұйымы үгітшілермен төрт рет семинар-кеңестерін өткізді. Онда «ССРО сайлауының Ережесі», Советтік Конституция, Сыртқы Істер Министрлерінің Берлиндегі Кеңесі, Совет Одағы Коммунистік партиясының Үндеуі жөнінде баяндамалар жасалды. Осы тақырыптарда әңгімені қалай өткізу жөнінде кеңес берілді.

Біздің үгіт коллективінің жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Біз кейбір үгітшілердің өңүйліктерде жиі болуына, сайлаушыларды саяси үгітпен тегіс қамтуға әлі де болса жетісе алмай келеміз. Соңғы семинарда бұл кемшіліктерді жоюдың бірқатар шаралары белгіленді.

№ 34 сайлау участогінің үгіт коллективі сайлау алдындағы саяси үгітті кеңінен өрістете береді. Сөйтіп, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы—14 март күні сайлаушылардың сайлау урналарына ұйымдасқан түрде келуін қамтамасыз етеді.

С. СЕРОВ,

№ 34 сайлау участогі үгіт пунктінің меңгерушісі.

Кітапханашы-үгітші

Совет МТС-нің клубына орналасқан селолық кітапхана таңертеңнен бері адамдардан босаған жоқ.

—Елена Федоровна, маған Натан Рыбақтың «Переяслав радасы» кітабын беріңізші.

—Маған Лев Толстойдың «Жанару» романын беріңіз.

—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы қандай әдебиеттер бар?

Таңертеңнен бері келгендердің бұл тілектерін тыянақтылықпен орындап тұрған кітапханашы Елена Федоровна Куприянцева жұмыс күнінің қалай аяқталғанын да сезбей қалды. Оның есіне кітапхананың белсенді кітап оқушысы 76 жастағы қарт ана Матрена Могенкоға кітап жеткізу қажет екендігі түсті. Өйткені, Матрена шешей 3-4 күннен бері ауырып қалып кітапханаға келе алмаған-ды.

Елена Федоровна кітапханадан енді шыққалы жатқанда МТС-тің озат жұмысшысы Н. Красиков келіп кірді.

—Сізден алған кітапты оқып шықтым, —менің сұраған кітаптарымды таптыңыз ба? —деді ол.

Кітапханашы Красиковка трактор жөндеуді тораптық әдіспен жүргізу жайындағы біртоп әдебиетті алып берді...

Бұл селолық кітапхананың әдеттегі жұмыс күндерінің бірі еді.

Селолық кітапхананың жұмысы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына байланысты бұрынғыдан да гөрі қыза түсті. Н. Павленко секретарь болып істейтін партия ұйымы сайлаушылар арасында саяси- бұқаралық жұмыстарын өрістетудің шараларын белгілеп, жұмыс жоспарын жасады. Бұл жоспарда селолық кітапхананың міндеттері атап көрсетілді. Кітапханашы Куприянцева, кітапхананың белсенді кітап оқушылары — механизатор Закарин, ағроном Яковская жолдастар үгітші болып тағайындалды.

Сайлау қарсаңында сайлаушылар арасында үгіт- бұқаралық жұмысын өрістетуде селолық кітапхана өз міндетін ойдағыдай атқарып отыр. Мұнда ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы, советтік сайлау системасы, біздің еліміздің тамаша табыстары туралы саяси және көркем әдебиет кітаптары бөлек жиналған.

Клуб үйінде Куприянцева жолдастың басқаруымен қабырға газеті шығып тұрады.

Селолық кітапхананың үйі үнемі сайлаушылардан арылмайды. Өйткені, олар мұнда лекция, әңгіме тыңдауға, кітаптар, газеттер оқуға жиналады. Мұнда сайлаушылардың көңілді дем алуына толық жағдай жасалған.

А. МӘЛГАЖДАРОВ,

Совет ауданы, Совет МТС-і.

дықтан фильмді қысқартып көрсетуге тура келеді.

Белан жолдастың айтқаны дәл келді. Екінші сеанс өте асығыс, қысқартылып көрсетілді, кинокадрлар зрительдердің көз алдынан өте-мөте шапшаң өтіп жатты. Сондықтан жыйналған халық фильмнің маңызын түсіну былай тұрсын, экраннан не көргенін де ұға алмай қалды.

Аудандық мәдениет бөлімінің аудан орталығындағы клубтың жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктерге бұдан әрі жол бермеуі керек.

П. ЛАКТИОНОВ.

Хоккейшілердің облыстық жарысы

Жуырда «Динамо» стадионының мұз алаңында облыс бойынша бірінші орынға ие болу үшін хоккей жарысы өткізілді. Жарысқа «Локомотив», «Авангард», «Пищевик» және «Энергия» ерікті спорт қоғамының командалары қатысты.

Өткен жексенбіде жартылай финалға шыққан «Энергия» және «Пищевик» командалары арасындағы ойынды көруге көптеген қала еңбекшілері жыйналды. Ауа райының өте суық болуына қарамастан, ойын шиеленіскен күрес жағдайында өтті.

Ойынның бірінші жартысында «Пищевик» командасы қатарымен бірнеше қабат шабуыл жасап, «Энергия» командасының қақпасынан екі доп өткізді.

Ойынның кейінгі жартысында «Энергияның» орта шабуылшысы Дягелев есепті теңестіріп, команда мүшелерінің жаппай шабуыл жасауына жағдай туғызды. Ойынның аяқталуына екі минут қалғанда «Энергия» командасы есепті 3:2 есебіне жеткізді.

„Ленин туының“ дабылынан

кейін

«САУДА ОРНЫНДА ТАЗАЛЫҚ ЖОҚ»

Газетіміздің осы жылғы 8 январьдағы санында «Сауда орнында тазалық жоқ» деген тақырыппен хабар жарияланды. Онда Октябрь ауданының орталығы Марьевка селосындағы базарда тазалық нашар екендігі, азық- түліктер қойын сататын орын жабдықталмағандығы айтылған болатын.

Октябрь аудандық сауда бөлімінің меңгерушісі бұл жөнінде редакцияға мынаны хабарлады: мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды. Базарда тиісті тәртіп орнату жөнінде Марьевка селолық Советінің атқомі мәселе қарап, ет, май, басқа да азық-түлік сататын арнаулы орындар жабдықтау, базарда тазалық орнату жөнінде нақтылы шаралар белгіленді.

Аудандық тұтынушылар одағына базар алаңындағы өзінің дүкендерін тәртіпке келтіру ұсынылды.

БЕРЛИН, 17 февраль. (**СОТА-ның арнаулы тілшісі**). Бүгін таңертеңгі сағат 11-де төрт держава сыртқы істер министрлерінің жабық мәжілісі болды. Министрлер күн тәртібіндегі бірінші пунктті —халықаралық жағдайлардағы шиеленісті бәсеңдету шаралары туралы және Франция, Англия, АҚШ, Совет Одағы және Қытай Халық Республикасы сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселені талқылау да болды.

Мәжлісте бұл мәселені мұнан әрі талқылай беру ұйғарылды.

БАТЫС БЕРЛИНДЕ АРАНДАТУШЫЛЫҚ ДЕМОНСТРАЦИЯҒА ӘЗІРЛІК

БЕРЛИН, 17 февраль. (СОТА). Батыс Берлин газеттері Батыс Берлин қосіподақтарының оңшыл басшылары Шарновский және Ауфхойзер (қызметшілер кәсіподағы) «төрт держава сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінің қанағаттанғысыз нәтижелеріне қарсы наразылық білдіру ретінде» 18 февральда шақырылатын демонстрацияға қатысуға шақырып, Батыс Берлин халқына хат жазған.

Газеттердің хабарларынан көрініп отырғанындай, кәсіподақтардың бұл басшылары Батыс Берлин халқына арнаған өзінің үндеуінде төрт державаның Берлин кеңесінде келіссөз жүргізу жолымен «қырғиқабақтықты» тоқтату жөніндегі үміт «Советтердің позициясының нәтижесінде тағы да шешілмей қалды» және «келісімге жеткізудің барлық әрекеттерінің күйреуге ұшырауына тек Совет Одағы жауапты» деп жалғаны мәлімдеме жасайды.

Батыс Берлиндегі бұл антисоветтік арандатушылық демонстрацияның басталуы кешкі сағат 6-ға тағайындалған, ал бұл уақытта бұрынғы Орталық Советтің (Батыс Берлин) үйінде төрт сыртқы істер министрлерінің мәжілісі аяқталмайтын болады.

БАТЫС ГЕРМАН ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫГЕРМАНДЫҚ КЕЛІССӨЗДЕРДІ БОЛДЫРТПАЙ ТАСТАУҒА ӘРЕКЕТТЕНУІ

БЕРЛИН, 18 февраль. (СОТА). АДН агенттігі Боннан былай деп хабарлайды:

Германияны бейбітшілік жолмен қосудың ұранымен өтіп жатқан көптеген митингтерге қарсы бағытталған террордың көмегіне сүйеніп, Аденауэр неміс-тердің бірлесіп жүргізетін келіссөздерге ұмтылуын тұншықтыруға әрекеттенулі, Бундестаг сайлауы қарсаңындағыдай, Батыс Берлин халқының және Герман Демократиялық Республикасы өкілдерінің митингтері мен жыйналыстарын қуып тарату үшін полицейлік бөлімдер және фашистік бұзақы топтар пайдаланылуда. «Шетелдер министрлерінің кеңесі және Германияны қайта қосу» деген тақырыпқа арналатын митингтер үшін орын беретін адамдарға телефон арқылы кәсіпорындары жабылады деп қорқытуда.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Оқыраға қарсы күрес туралы

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТКОМІНІҢ МІНДЕТТІ ҚАРАРЫ

Петропавл қаласы **№ 1** **29 январь 1954 жыл.**

1954 жылы ірі қара малдың терісіндегі оқыраға қарсы күрес жөніндегі шараларды деркезінде және сапалы жүргізу мақсатында облыстық Совет атқомі **қаулы етті:**

1. 1954 жылғы 1 июньге дейін колхоздардың, совхоздардың, көмекші шаруашылықтарының және жеке азаматтардың ірі қара малдарын міндетті түрде жаппай оқыра құртынан тазарту жүргізілсін.

Оқыра құртын механика күшімен (сығып алу жолымен) алу және құртып жіберу малдәрігерлік қызметкерлердің басқаруымен және оқыраға қарсы арнаулы препараттарды қолдану арқылы химиялық әдіспен жүргізілсін.

2. Ірі қара малды оқыра құртынан жаппай тазартуды өткізудің жеке жауапкершілігі совхоз директорларына, колхоз председательдеріне, шаруашылық ұйымдардың басшыларына, аудандардың, совхоздар мен көмекші шаруашылықтардың бас малдәрігерлеріне жүктелсін; ірі қара малды оқыра құртынан тазарту жөніндегі жұмыстарға мал фельдшерлері, мал санитарлары, малшылар, бақташылар мен сауыншылар тікелей қатыстырылсын. Жеке пайдаланудағы малдардың оқыра құртын малдәрігерлік қызметкерлердің бақылауымен мал иелерінің өздері тазартуға тиіс.

3. Ірі қара малды міндетті түрде оқыра құртынан тазарту жұмысын бақылау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының малдәрігерлік бөліміне, еңбекшілер депутаттарының аудандық, ауылдық, селолық және поселкелік Совет атқомдеріне жүктелсін.

4. Малдарын оқыра құртынан тазартудан бас тартқан шаруашылық басшылары мен мал иелері әкімшілік жолымен 100 сом мөлшерінде айып төлейді, немесе бір ай мерзімге ақысыз жұмысқа жіберіледі.

5. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Солтүстік Қазақстан облысының жерінде 1954 жылғы 1 июньге дейін күшінде болады.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің председателі

Қ. ОСПАНОВ.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің секретары

И. ЗАИТОВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00500 **Қазақ ССР Мәдеңнет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**